Платежи нерезиде нтам в виде пени, штрафны х платежей и прочих текущих трансфер т									
Сіздің ұйымға мүшелік жарналар немесе қатысуға жазылуда ғ ы бейрезид енттерде н түскен түсімдер (коммерц иялық емес ұйымдар мен, оның ішінде сауда палатала рымен, салалық қауымдас тықтарме н толтыры лады) Поступле ния от нерезиде нтов членских взносов и ли подписка н а участие в Вашей организа ции (	593								

заполняе т с я некоммер ческими организа циями, в т о м числе торговым и палатами , отраслев ы м и ассоциац иями)									
Бейрезид енттердің сауда палатала рына, салалық қауымдас тықтарын а кіретін коммерц иялық емес ұйымдар ғ а мүшелік жарналар немесе қатысуға жазылуда ғ ы бейрезид енттерге төленген төлемдер Платежи нерезиде нтам членских взносов и л и подписка н а участие в некоммер ческих организа циях-нер езидента	595								

х , включаю щ и х торговые палаты, отраслев ы е ассоциац ии									
Бейрезид енттерде н алынған күрделі трансфер ттер Капиталь ны е трансфер ты , полученн ые от нерезиде нтов	600								
Бейрезид енттерге ұсынылға н күрделі трансфер ттер Капиталь ны е трансфер ты , предоста вленные нерезиде нтам	610								

Атауы	Мекенжайы
Наименование _____	(респонденттің) _____
_____	Адрес (респондента) _____
_____	_____
Телефоны (респонденттің)	_____
Телефон (респондента) _____	_____
_____	_____
Стационары	Ұялы
стационарный	мобильный
Алғашқы	
статистикалы	
қ деректерді	

таратуға
келісеміз
Согласны на
распростране
ние
первичных
статистически
х данных

☐

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға
келіспейміз
Не согласны на распространение первичных
статистических данных

☐

Электрондық почта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _____

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

Главный бухгалтер или лицо, уполномоченное на
подписание отчета

колы, телефоны (орындаушының)

подпись, телефон (исполнителя)

Қолы

подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

Руководитель или лицо, уполномоченное на подписание
отчета

Қолы

подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес алғашқы статистикалық деректерді ұсыну және алғашқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Бейрезиденттермен
халықаралық операциялар
туралы есеп нысанына
Қосымша

"Бейрезиденттермен халықаралық операциялар туралы есеп" Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі 10-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бейрезиденттермен халықаралық операциялар туралы есеп" (индексі 10-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Статистикалық нысан "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы бірінші бөлігінің 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Статистикалық нысанды респонденттер тізіміне енгізілген заңды тұлғалар тоқсан сайын ұсынады. Алдағы жылдың респонденттердің тізімін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қалыптастырады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

4. Осы статистикалық нысанда сұратылатын ақпарат Қазақстан Республикасының төлем балансын жасауға арналған.

5. Статистикалық нысанға басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Статистикалық нысанды толтыру

6. Статистикалық нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалар қолданылады:

1) резиденттер:

азаматтығына қарамастан, Қазақстан Республикасында бір жылдан астам тұратын жеке тұлғалар және бір жылдан аз уақыт Қазақстан Республикасының аумағында болмаған Қазақстан Республикасының азаматтары. Мемлекеттік қызмет, білім беру және емдеу мақсатында шетелде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары басқа елдердің аумағында болу мерзімдеріне қарамастан, резидент болып табылады;

халықаралық ұйымдарды, шетел елшіліктерін, консулдықтарды және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға құрмай құрылған ұйымдар;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі Қазақстан елшіліктері, консулдықтары және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктер;

осы тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағындағы филиалдары мен өкілдіктері;

2) бейрезиденттер:

азаматтығына қарамастан, шетелде бір жылдан көп тұратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан аз болған шетел азаматтары. Мемлекеттік қызмет, білім беру және емдеу мақсатында жүрген шет мемлекеттердің азаматтары республика аумағында болу мерзімдеріне қарамастан, бейрезидент болып табылады. Қазақстанда вахталық әдіспен жұмысқа тартылған шет мемлекеттердің азаматтары республика аумағында болу мерзімдеріне қарамастан, бейрезидент болып табылады;

Қазақстан Республикасының елшіліктерін, консулдықтарын және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктерін қоспағанда, басқа мемлекеттердің аумағындағы заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан халықаралық ұйымдар, шетел елшіліктері, консулдықтар және басқа да шетел дипломатиялық және ресми өкілдіктері;

1) тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері.

7. Операциялардың құны нақты төлем уақыты бойынша емес, оны есептеу сәтінде (операцияларды нақты жүзеге асыру күніне) көрсетіледі. Орындалған қызметті (жұмысты) қабылдау актісіне қол қойылған күн қызметтің (жұмыстың) нақты көрсетілген күні болып есептеледі. Егер шартта орындалған қызметті (жұмысты) қабылдау актілерін жасау көзделмеген болса, шот-фактура (инвойс) ұсынылған күн қызмет көрсетілген күн болып есептеледі.

8. Барлық операциялар мың Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларында көрсетілген. Өзге шетел валютасындағы операциялар алдымен теңгеге, содан кейін АҚШ долларына аударылады. Конвертациялау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында қолданылатын валюта айырбастаудың нарықтық бағамдары пайдаланылады. Бұл ретте операцияларды конвертациялау үшін операциялар жасалған күнге тиісті бағамдар пайдаланылады. Теңгемен көрсетілген сома операциялар жасалған күні АҚШ долларына да аударылады.

9. Барлық операциялар статистикалық нысанның 2-бағанынан бастап және одан әрі әріптес елдер бойынша көрсетіледі. Егер әріптес елдердің саны статистикалық нысандағы бағандар санынан асып кетсе, қосымша парақтарға жетіспейтін бағандар қосылады.

Ел бойынша ҚР ҰК 06 ISO 3166-1-2016 "Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін көрсетуге арналған кодтар. 1-бөлім. Ел кодтары" Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес екі әріптен тұратын ел коды көрсетіледі.

Халықаралық ұйымдармен жасалатын операциялар "Халықаралық ұйымдар" бағанында көрсетіледі.

10. Статистикалық нысанның жекелеген көрсеткіштерінің сипаттамасы:

құрылыс қызметтері (10, 18, 19, 110-жолдар) құрылыс учаскесін дайындауды, объектілер құрылысын, құрама конструкциялар мен жабдықтарды монтаждауды қамтитын құрылыс келісімшарттарының ажырамас бөлігі болып табылатын барлық тауарлар мен қызметтерді қамтиды. Бұрғылау және су ұңғымаларын салу және оператормен құрылыс немесе бөлшектеу жабдықтарын жалға алу, құрылыс жобасын басқару, құрылыс жөндеу сияқты басқа құрылыс қызметтерін қамтиды;

қаржылық қызметтер (20, 120-жолдар) қаржылық мәмілелер бойынша (сақтандыру компаниялары мен зейнетақы қорларының қызметтерін қоспағанда) делдалдардың комиссиялық сыйақысын, оның ішінде: кредиттер бойынша комиссияны, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың комиссиясын қамтиды. Сонымен қатар басқа да көмекші қаржылық қызметтерді (қаржылық кеңес беру, қаржылық активтерді басқару, кредиттік рейтинг қызметтері) қамтиды. Депозиттер, кредиттер, несиелер және қарыздар бойынша сыйақы қаржылық қызметтерге енгізілмейді;

телекоммуникациялық қызметтер (21, 121-жолдар) телефон, телетайп, телеграф, радиохабар тарату, спутниктік байланыс, электрондық пошта, факс арқылы дыбысты, суретті немесе басқа ақпаратты беруді қамтиды, сонымен қатар іскерлік желілік қызметтерді, телеконференцияларды, ілеспе қызметтерді, интернет және оған қол жеткізуді қамтиды. Телекоммуникациялық қызметтерге берілетін ақпараттың құны, телефон желісін орнату қызметтері (құрылыс қызметтері), компьютерлік қызметтер, сондай-ақ дерекқор ақпаратына қол жеткізу және пайдалану кірмейді;

сақтандыру қызметтері (130, 131, 132, 133, 134, 135-жолдар) сақтандыру компанияларының сақтандыру қызметтерінің әртүрлі түрлерімен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ сақтандыру агенттерінің комиссиялары, сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру бойынша кеңестер сияқты қосымша сақтандыру қызметтерін қамтиды;

компьютерлік қызметтер (30, 140-жолдар) тапсырыс берілген және тапсырыс берілмеген (жаппай өндірілген) бағдарламалық қамтылымды және онымен байланысты лицензияларды сату (сатып алу); техникалық құралдар мен бағдарламалық қамтылымды орнату; компьютерлік техника және бағдарламалық қамтылым саласындағы консалтинг; компьютерлер мен перифериялық

құрылғыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, деректерді өңдеу және оларды серверге орналастыру; жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтылымның түпнұсқалары мен меншік құқықтарын сатып алу және сатуды қамтиды. Компьютерлік қызметтерге бағдарламалық қамтылымды ұдайы өндіруге және (немесе) таратуға (зияткерлік меншікті пайдалануға) арналған лицензиялар, нақты пайдаланушы үшін әзірленбеген оқу компьютерлік курстары (мәдениет және демалыс саласындағы жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер) үшін төлемақы кірмейді;

ақпараттық қызметтер (40, 150-жолдар) бұқаралық ақпарат құралдарына жаңалықтар, фотосуреттер мен мақалалар беру; дерекқор құру, сақтау және тарату; пошта арқылы және өзге де тәсілдермен жеткізумен мерзімді басылымдарға тікелей жеке жазылу; кітапхана және архив қызметтерін қамтиды;

пошта және курьерлік байланыс қызметтері (45, 155-жолдар) хаттарды, мерзімді баспасөз басылымдарын, жіберілімдер мен бандерольдерді жинауды, тасымалдауды және жеткізуді қамтиды;

тауарларды қайта өңдеу жөніндегі қызметтер (50, 160-жолдар) материалдық ресурстарды өңдеуді, жинауды қамтиды. Бұл қызметтерге шикі мұнайды, табиғи газды, металл кендерін және концентраттарды қайта өңдеу; дайын құрылыс конструкцияларын құрастыруды (құрылыс қызметтерін) қоспағанда, киім тігу, электрониканы құрастыру және басқа да құрастыру түрлері кіреді;

жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер (60; 170-жолдар) теңіз және әуе кемелерін және басқа да көлік құралдарын, сондай-ақ құрылыс жөндеуін, компьютерлерді жөндеуді, мұнай және газ ұңғымаларын жөндеуді, сондай-ақ көлік құралдарын тазалау мен жинауды (өзге де көлік қызметтерін) қоспағанда, басқа да тауарларды күрделі және ағымдағы жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтиды;

зияткерлік меншікті пайдаланғаны үшін төлем (70, 180-жолдар) меншік құқығын пайдаланғаны үшін төлемді (мысалы патенттер, авторлық құқықтар, сауда белгілері, технологиялық процестер, дизайн және т.с.с.), сондай-ақ өндірілген түпнұсқалар мен прототиптерді (мысалы кітаптар мен қолжазбалар, компьютерлік бағдарламалық қамтылым, кинематографиялық жұмыстар, дыбыстық жазбалар және т.б.) ұдайы өндіруге және (немесе) таратуға арналған лицензиялар үшін төлемді қамтиды;

ғылыми-зерттеу жұмыстары және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер (бұдан әрі – ҒЗТҚӨ) (81, 191-жолдар) жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді, жаңа өнімдер мен технологияларды тәжірибелік әзірлемелерді, техникалық инновацияларды

білдіретін операциялық жүйелерді әзірлеуді және ҒЗТКЖ нәтижелерін (патенттер, авторлық құқықтар, технологиялық процестер сияқты) сатып алу мен сатуды қамтиды;

заң қызметтері (82, 192-жолдар) заң кеңестері мен консультацияларды қамтиды; заң, сот және заң шығару процестерінде қызмет көрсету; фирмаларға жедел көмек көрсету; заң құжаттамасын дайындау; төрелік қызметтер;

бухгалтерлік, аудиторлық қызметтер (83, 193-жолдар) бухгалтерлік есеп, шот-фактура, аудит және салық салу, қаржылық есептілікті жасау бойынша консультациялық қызметтерді қамтиды;

бизнес және басқару бойынша кеңес беру қызметтері (84, 194-жолдар) жалпы басқару консультацияларын, қаржылық менеджментті, кадрлық менеджментті, өндірістік менеджментті және басқа басқару консультацияларын; бизнес саясаты мен стратегиясы мәселелерінде консультацияларды, басшылықты және жедел көмекті; қоғаммен байланыс қызметтерін қамтиды. Құрылыс жобасына басшылық алып тасталады (құрылыс қызметтері);

жарнама және нарық конъюнктурасын зерттеу қызметтері (85, 195-жолдар) жарнама агенттіктері арқылы жарнаманы жобалауды, құруды және маркетингті; жарнамалық уақытты сатып алу мен сатуды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында жарнама орналастыру; көрмелер мен сауда жәрмеңкелерін ұйымдастыру; тауарларды шетелде жарнамалау; маркетингтік зерттеулер; түрлі мәселелер бойынша қоғамдық пікірге сауалнама жүргізуді қамтиды;

архитектуралық, инженерлік және өзге де техникалық қызметтер (86, 196-жолдар) архитектуралық және құрылыс жобаларын әзірлеу; геологиялық барлау және іздестіру, картография; метеорологиялық қызметтер; өнім сапасын тексеру және сертификаттау, техникалық сынақтар мен талдаулар, техникалық бақылау; инженерлік кеңестер және қоршаған орта бойынша кеңестерді қамтиды. Тау-кен инженериясы пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты қызметтерде көрінеді;

қалдықтарды қайта өңдеу және қоршаған ортаны тазарту (87, 197-жолдар) радиоактивті және басқа да қалдықтарды қайта өңдеуді; қоршаған ортаны тазартуға және қалпына келтіруге байланысты қызметтерді; санитарлық қызметтерді қамтиды;

ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер (88, 198-жолдар) ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру (өсімдіктерді аурулар мен зиянкестерден қорғау, өнімділікті арттыру); орман шаруашылығы және балық шаруашылығы қызметтерін қамтиды;

персоналсыз жабдықтың операциялық лизингі (жалдау) (89, 199-жолдар) персоналсыз жабдықты жалға алуды, экипажсыз көлік құралдарын жалға алуды, жылжымалы бұрғылау платформаларын және өндіру, сақтау және түсіру үшін қалқымалы кемелерді жалға алуды қоса алғанда, жылжымайтын мүлікті жалға

алуды қамтиды. Қаржы лизингі, телекоммуникациялық желілерді немесе қуаттарды жалға алу (телекоммуникациялық қызметтер), экипажы бар көлік құралдарын жалға алу (жүк немесе жолаушылар тасымалы) алып тасталады;

саудаға байланысты қызметтер (90, 200-жолдар) трейдерлерге, биржалық тауарлар брокерлеріне, дилерлерге, аукционшыларға төленетін тауарлар мен қызметтермен операциялар бойынша комиссиялық сыйақыны қамтиды. Қаржы құралдары бойынша брокерлік қызметтер (қаржылық қызметтер) және жүк және жолаушылар тасымалымен байланысты агенттердің комиссиялық сыйақысы (өзге де көлік қызметтері) алып тасталды;

өзге де іскерлік қызметтер (91, 201-жолдар) электр энергиясын, суды, газды және т.б. бөлу жөніндегі қызметтерді қамтиды; кадрларды іріктеу, күзету, ауызша және жазбаша аударма, фотографиялық қызметтер, үй-жайларды жинау, тамақтандыруды ұйымдастыру, риэлторлық қызметтер, баспа қызметтері, ветеринариялық қызметтер және жоғарыда аталған қызметтерге енгізілмеген басқа да іскерлік қызметтер;

пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы қызметтер (92, 202-жолдар) бұрғылау жұмыстарын (бұрғылау, бұрғылау мұнараларын салу, мұнай және газ ұңғымаларын жөндеу, бөлшектеу және цементтеу; тау-кен инженериясы) қоса алғанда, мұнай, газ және басқа да пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты қызметтерді қамтиды;

жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет және демалыс саласындағы қызметтер (100; 210-жолдар) фильмдер, радио және телебағдарламалар шығаруға және музыкалық шығармаларды жазуға байланысты көрсетілетін қызметтерді, гастрольге, театр қойылымдарын, музыкалық, спорттық және цирк бағдарламаларын жасауға байланысты актерлердің, режиссерлердің және т.б. еңбекақы төлеу; бейне және дыбыс жазбаларын жалға алу үшін, бейне және дыбыс жазбаларын пайдалану (көрсету) құқығы үшін, телеарналарға кіру үшін ақы; төлемдер және жалға беруден түсетін түсімдер; қолжазбалардың, бейне және дыбыстық жазбалардың түпнұсқаларын және жаппай өндірісін сатып алу және сату; музейлердің, кітапханалардың, архивтердің жұмысына байланысты қызметтер; спорттық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер; қашықтықтан көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, өз елінен тыс жерлерде оқытушылар мен медицина қызметкерлерінің қызметтерін қамтиды;

жолаушылар көлігінің қызметтері (231, 236, 261-жолдар) артық багажды (белгіленген тасымалдау нормасынан тыс) және жолаушыға тиесілі басқа да мүлікті тасымалдау құнын ескере отырып, жолаушыларды тасымалдау жөніндегі көлік ұйымдарының қызметтерін; жолаушыларды тасымалдау үшін экипажы бар көлік құралдарын жалға алуды қамтиды;

жүк көлігі қызметтері (350, 370, 373, 376-жолдар) жүктерді тасымалдау жөніндегі көлік ұйымдарының қызметтерін қамтиды;

қосалқы көлік қызметтері (241, 251, 265-жолдар) тиеу-түсіру жұмыстарын, сақтау мен қоймалауды, буып-түюді, көлік құралдарына қосалқы қызмет көрсетуді, жүк және жолаушылар тасымалымен байланысты агенттердің комиссиялық сыйақысын; жүктерді экспедициялау жөніндегі қызметтерді қамтиды;

материалдық емес активтермен операциялар (380, 390-жолдар) бренд атаулары, мерзімді басылым тақырыптары, сауда белгілері, логотиптер және домен атаулары сияқты маркетингтік активтерді сату және сатып алуды қамтиды ; спортшының бір клубтан екіншісіне ауысуы үшін трансферттік төлем;

табиғи ресурстарды жалға алу (400, 410-жолдар) жер, ормандар, қорықтар, су айдындары сияқты табиғи ресурстарды уақытша пайдалануға бергені үшін; пайдалы қазбаларды өндіру және балық аулау құқығын бергені үшін; аумақтың үстінен ұшу құқығы үшін төлемді қамтиды;

бейрезидент жұмыскерлердің жалақысы (530, 540-жолдар) бір жылдан аз мерзімге жұмысқа жалданған шетелдік жұмыскерлердің және вахталық әдіспен жұмысқа тартылған шетелдік жұмыскерлердің ақшалай және заттай нысандағы еңбекақысын қамтиды. Заттай жалақы азық-түлік, тұрғын үй, көлік құралдары, тегін жол жүру, жұмысқа және жұмыстан тасымалдау, спорт орталықтары мен демалыс үйлерінің қызметтері, акцияларға опциондар сияқты тауарлар мен қызметтер түріндегі төлемдерден тұрады;

өзге де ағымдағы трансферттер (580, 590-жолдар) сақтандыру өтемақыларын төлеу болып табылмайтын келтірілген жарақаттар немесе мүлікке келтірілген залал үшін өтемақы төлемдерін, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтауды қаржыландыруға байланысты емес сыйға тартулар мен қайырымдылықтарды қамтиды;

күрделі трансферттерге (600, 610-жолдар) күрделі активтерге ауқымды залал келтіргені үшін өтемақы төлемдері (мысалы мұнайдың төгілуіне, қатты жарылыстарға, фармацевтикалық өнімдердің жанама әсерлеріне және т.б. байланысты), сондай-ақ негізгі капиталды жинақтауды қаржыландыру мақсаттарына ірі сыйлықтар мен қайырымдылықтар, мысалы жаңа оқу үй-жайларын салу бойынша шығысты жабуға университеттерге сыйға тарту кіреді.

11. Бейрезиденттерге көрсетілген денсаулық сақтау қызметтері (221, 222-жолдар) тұтас Қазақстан бойынша "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" акционерлік қоғамымен толтырылады.

Егер бейрезиденттерден денсаулық сақтау қызметтері University Medical Center Корпоративтік Қоры арқылы алынған болса, онда 216, 217-жолдары

University Medical Center Корпоративтік Қорымен толтырылады, кері жағдайда – 216, 217-жолдар респондентпен дербес толтырылады.

12. Есептің түсіндірмесінде:

1) басқа да қызмет түрлерінің талдамасын талап ететін қысқаша сипаттама (109, 219, 271, 275, 330, 373, 376-жолдар);

2) респондент көрсету қажет деп есептейтін ақпарат көрсетіледі.

13. Статистикалық нысан қағаз тасымалдағышта не электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімі сақтала отырып, "ҚР ҰБ Веб-порталы" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі арқылы электрондық тәсілмен ұсынылады. Бір статистикалық нысан әртүрлі тәсілдермен ұсынылған кезде ерте ұсынылған күн ұсыну күні болып саналады.

Статистикалық нысанды қағаз тасымалдағыштарда ұсынған кезде статистикалық нысанның ақпарат толтырылған бөлімдерін (бөліктерін) ғана ұсынуға жол беріледі. Бұл ретте статистикалық нысанның мазмұнында толтырылған бөлімдердің (бөліктердің) болуы көрсетіледі.

Статистикалық нысанға түзетулер (өзгертулер, толықтырулар) есепті кезең аяқталғаннан кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

3-тарау. Арифметикалық-логикалық бақылау

14. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1-бөлім, А бөлігі. "Бейрезиденттерге көрсетілген қызметтер":

әрбір баған үшін 10-жол = $11 + 12 + 13 + 14 + 15 + 16 + 17$ жолдар қосындысы ;

әрбір баған үшін 21-жол = $22 + 23 + 24 + 25 + 26 + 27 + 28$ жолдар қосындысы ;

әрбір баған үшін 30-жол = $31 + 32 + 33$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 40-жол = $41 + 42$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 60-жол = $61 + 62 + 63 + 64$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 70-жол = $71 + 72 + 73 + 74 + 75$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 80-жол = $81 + 82 + 83 + 84 + 85 + 86 + 87 + 88 + 89 + 90 + 91 + 92$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 100-жол = $101 + 102 + 103 + 104 + 105 + 106 + 107 + 108$ жолдар қосындысы;

2) 1-бөлім, Б бөлігі. "Бейрезиденттерден алынған қызметтер":

әрбір баған үшін 110-жол = $111 + 112$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 121-жол = $122 + 123 + 124 + 125 + 126 + 127$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 140-жол = $141 + 142 + 143$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 150-жол = $151 + 152$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін $170\text{-жол} = 171 + 172 + 173 + 174$ жолдар қосындысы;
әрбір баған үшін $180\text{-жол} = 181 + 182 + 183 + 184 + 185$ жолдар қосындысы;
әрбір баған үшін $190\text{-жол} = 191 + 192 + 193 + 194 + 195 + 196 + 197 + 198 + 199 + 200 + 201 + 202$ жолдар қосындысы;
әрбір баған үшін $210\text{-жол} = 211 + 212 + 213 + 214 + 215 + 216 + 217 + 218$ жолдар қосындысы;

3) 1-бөлім, В бөлігі. "Бейрезиденттерге көрсетілген денсаулық сақтау қызметтері" (тұтастай алғанда Қазақстан бойынша "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы толтырады):

әрбір баған үшін $221\text{-жол} = 221/11 + 221/15 + 221/19 + 221/23 + 221/27 + 221/31 + 221/35 + 221/39 + 221/43 + 221/47 + 221/55 + 221/59 + 221/61 + 221/63 + 221/71 + 221/75 + 221/79$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін $222\text{-жол} = 222/11 + 222/15 + 222/19 + 222/23 + 222/27 + 222/31 + 222/35 + 222/39 + 222/43 + 222/47 + 222/55 + 222/59 + 222/61 + 222/63 + 222/71 + 222/75 + 222/79$ жолдар қосындысы;

4) 2-бөлім. "Жолаушы көлік қызметтері және қосалқы көлік қызметтері":

әрбір баған үшін $231\text{-жол} = 232 + 233 + 234 + 235$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін $236\text{-жол} = 237 + 238 + 239$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін $241\text{-жол} = 242 + 243 + 244 + 245$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін $251\text{-жол} = 252 + 253 + 254 + 257 + 258$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін $254\text{-жол} = 255 + 256$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін $261\text{-жол} = 262 + 263 + 264$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін $265\text{-жол} = 266 + 267 + 268$ жолдар қосындысы;

5) 3-бөлім. "Қазақстанда орналасқан халықаралық ұйымдарға, шетел елшіліктеріне, консулдықтарына және басқа да шетел дипломатиялық және ресми өкілдіктерге ұсынған тауарлары мен қызметтер":

әрбір баған үшін $320\text{-жол} = 321 + 322$ жолдар қосындысы;

6) 4-бөлім. "Жүк көлігінің қызметтері (жүкті сақтандыруды есептемегенде)":

әрбір баған үшін $350\text{-жол} = 351 + 352$ жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін $370\text{-жол} = 371 + 372$ жолдар қосындысы;


7) Барлық бөліктер (бөлімдер) үшін:

барлық жолдар үшін $1\text{-баған} = 2 + 3 + \dots + n$ бағандар қосындысы.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 29 маусымдағы
№ 43 Қаулыға
9-қосымша

Ақпаратты алушы органдар құпиялылығына
кепілдік береді

Конфиденциальность гарантируется органами
получателями информации



Отчет о страховании (перестраховании) нерезидентов и перестраховании рисков у нерезидентов по отрасли "общее страхование"

Индекс	11-ТБ-ЖС	тоқсанды есепті		тоқсан		жыл
Индекс	11-ПБ-ОС	кварталь	отчетный		квартал	год
		ная	период			

"Жалпы сактандыру" саласы бойынша лицензия негізінде өз қызметін жүзеге асыратын сактандыру ұйымдары, бейрезидент сактандыру (қайта сактандыру) ұйымдарының филиалдары ұсынады

Представляют страховые организации, филиалы страховых (перестраховочных) организаций – нерезидентов осуществляющие свою деятельность на основании лицензии по отрасли "общее страхование"

Ұсыну мерзімі – есептік кезеңнен кейінгі бірінші айдың 20-нан кешіктірмей

Срок представления – не позднее 20 числа первого месяца после отчетного периода

БСН коды

[illegible]

Код БИН

1. Бейрезиденттерді тікелей сақтандыру, мың Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) доллары

1. Прямое страхование нерезидентов, тысяч долларов Соединенных Штатов Америки (далее – США)

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

сактандыру бойынша по страхованию прямых инвестиций нерезидентов	11632									
бейрезидент тел компанияларды сактандыру бойынша по страхованию сестринских компаний нерезидентов	11633									
баска бейрезиденттерді сактандыру бойынша по страхованию прочих нерезидентов	11634									

2. Бейрезиденттерді қайта сақтандыру (кіріс қайта сақтандыруы), мың АҚШ доллары

2. Перестрахование нерезидентов (входящее перестрахование), тысяч
долларов США

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

н қызмет тер үшін төленге н комисс ия Комисс ия, выплач енная страхов ому брокер у-нерез иденту или страхов ому агенту- нерезид енту за получе нные услуги	14400									
---	-------	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Атауы

Наименование _____

Телефоны (респонденттің)

Телефон (респондента) _____

Стационары
стационарный

Алғашқы
статистикалы
қ деректерді
таратуға
келісеміз
Согласны на ☐
распростране
н и е
первичных
статистически
х данных

Мекенжайы

(респонденттің)

Адрес (респондента) _____

Ұялы

мобильный

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға
келіспейміз

Не согласны на распространение первичных
статистических данных

Электрондық почта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _____

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

Главный бухгалтер или лицо, уполномоченное на подписание отчета

колы, телефоны (орындаушының)

подпись, телефон (исполнителя)

Қолы

подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

Руководитель или лицо, уполномоченное на подписание отчета

Қолы

подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес алғашқы статистикалық деректерді ұсыну және алғашқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

"Жалпы сақтандыру" саласы
бойынша бейрезиденттерді
сақтандыру (қайта сақтандыру)
және бейрезиденттердің
тәуекелдерін қайта сақтандыру
туралы есеп нысанына
Қосымша

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп" Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі 11-ТБ-ЖС, кезеңділігі тоқсандық) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп" (индексі 11-ТБ-ЖС, кезеңділігі тоқсандық)

ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша (бұдан әрі – статистикалық нысан) бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Статистикалық нысан "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы бірінші бөлігінің 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Статистикалық нысанды өз қызметін "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензия негізінде жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары, бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары тоқсан сайын ұсынады.

4. Статистикалық нысанда сұратылатын ақпарат Қазақстан Республикасының сыртқы секторының статистикасын жасауға арналған.

5. Статистикалық нысанға басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Статистикалық нысанды толтыру

6. Статистикалық нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалар қолданылады:

1) резиденттер:

азаматтығына қарамастан Қазақстан Республикасында бір жылдан аса тұратын жеке тұлғалар және Қазақстаннан тыс аумақта бір жылдан аз уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, білім алу және емделу мақсатында шет елде жүрген азаматтары басқа елдердің аумағында болу мерзіміне қарамастан резидент болып табылады;

халықаралық ұйымдарды, шетелдік елшіліктерді, консулдықтарды және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан Қазақстанның елшіліктері, консулдықтары және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктері;

осы тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

2) бейрезиденттер:

азаматтығына қарамастан шет елде бір жылдан аса тұратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан аз уақыт тұратын

шетел азаматтары. Шет мемлекеттердің мемлекеттік қызмет, білім алу және емделу мақсатында жүрген азаматтары республика аумағында болу мерзіміне қарамастан бейрезидент болып табылады;

Қазақстан Республикасының елшіліктерін, консулдықтарын және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктерін қоспағанда, басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан халықаралық ұйымдар, шетелдік елшіліктер, консулдықтар және басқа да шетелдік дипломатиялық және ресми өкілдіктер;

1) тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері.

7. Статистикалық нысанда сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі саласындағы төлем балансының операцияларына жататын ақпарат, сондай-ақ елдің халықаралық инвестициялық позициясы және сыртқы борышы үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының резервтері бойынша қалдықтары жинақталады:

1) бейрезиденттерді тікелей сақтандыру бойынша – сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелдерін қабылдаумен байланысты туындайтын қызмет және онымен байланысты қатынастар туралы (1-бөлім);

2) бейрезиденттерді қайта сақтандыру (кіріс қайта сақтандыруы) бойынша – жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру тәуекелдерінің бөлігін қабылдаумен байланысты туындайтын қызмет және онымен байланысты қатынастар туралы (2-бөлім);

3) бейрезиденттердің қайта сақтандыруы (шығыс қайта сақтандыруы) бойынша – жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру тәуекелдерінің бөлігін қайта сақтандыруға берумен байланысты туындайтын қызмет және онымен байланысты қатынастар туралы (3-бөлім).

8. Есепті кезеңдегі статистикалық нысанның 1.1, 2.1, 3.1, 4,1-бөлімдерінде аталған барлық операциялар (жол кодтары 11100, 11200, 11210, 11300, 12100, 12200, 12210, 12300, 12400, 12440, 12450, 13100, 13200, 13400, 13440, 13450, 14400) есептеу әдісіне сәйкес көрсетіледі.

Ірі сақтандыру төлемдері (жол кодтары 11210, 12210) бөлек жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтері сомасының 25 пайызынан асатын, сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі болып табылатын активтерді шегергендегі төлемдер кіреді.

Инвестициялаудан түскен кірісте (жол кодтары 11300, 12300) тиісті елдер бойынша бейрезиденттермен кіріс сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары

бойынша сақтандыру резервтерінің қаржылық активтеріне инвестициялаудан есепті кезеңде алуға есептелген кіріс көрсетіледі.

9. 4-бөлімде бейрезидент сақтандыру-брокеріне немесе бейрезидент сақтандыру-агентіне алынған қызметтері үшін төленген комиссия көрсетіледі. Осындай қызметтерге сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша делдалдық қызмет, консультациялық қызмет, құндық бағалау және шығындарды реттеу қызметтері, құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету бойынша әкімшілік қызметтер, сақтандыру төлемдеріне қатысты реттеу және мониторинг жүргізу қызметтері, сақтандыру қызметімен байланысты басқа қосалқы қызметтер жатады.

10. Барлық сомалар үтірден кейін нақты бір белгіге дейін мың Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларында көрсетіледі.

Теңгеде көрсетілген сомалар АҚШ долларына аударылады. Өзге шетел валюталарында көрсетілген сомалар алдымен теңгеге, содан кейін АҚШ долларына аударылады.

Айырбастау үшін қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданылады. Бұл ретте операцияларды айырбастау үшін операцияларды жүзеге асыру күніне тиісті бағамдар, кіріс және комиссиялар үшін – есепті кезеңдегі орташа есеппен алынған бағамдар, тоқсанның басындағы және соңындағы қалдықтар үшін – тиісті күннің бағамы қолданылады.

11. Барлық операциялар серіктес елдер бойынша бөлініп көрсетіледі (сақтанушылар, қайта сақтанушылар, қайта сақтандырушылар, брокерлер, агенттер). Елдердің атауы 1-4-бөлімдерінің 2-10 бағандарында көрсетіледі. Егер респонденттің серіктес елдерінің саны нысанның бөлімдеріндегі бағандардың санынан асатын болса, жетпейтін бағандар қосылады.

12. Есепті кезеңнің басындағы сақтандыру резервтері бойынша қалдықтар олардың алдыңғы кезеңнің соңындағы қалдықтарына тең және келесі бөліктер бойынша толтырылады:

1) тікелей инвестициялау объектілерін – оған қатысты респондент тікелей инвестор болып табылатын объектілерін сақтандыру бойынша;

2) тікелей инвесторды – дауыс беретін акциялардың он және одан көп пайызын иеленетін (тікелей немесе жанама) тұлғаларды сақтандыру бойынша. Тікелей инвесторлар жеке тұлғалар (үй шаруашылықтары), заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ заңды тұлға құрмай-ақ басқа да субъектілер болып табылады;

3) тел компанияларды – тікелей инвестордың респондентімен ортақ жағдайлары бар ұйымдарды сақтандыру бойынша, бірақ бұл ұйым да, респондент те бір-бірінің капиталына қатысу құралдарының 10 немесе одан да көп пайызына ие болмайды.

13. Статистикалық нысан электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімі сақтала отырып, "ҚР ҰБ Веб-порталы" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі арқылы электрондық тәсілмен ұсынылады.

Статистикалық нысанға түзетулер (өзгертулер, толықтырулар) есепті кезең аяқталғаннан кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

3-тарау. Арифметикалық-логикалық бақылау

14. Арифметикалық-логикалық бақылау:

әрбір баған үшін 11520-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11530 жолы;

әрбір баған үшін 11521-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11531 жолы;

әрбір баған үшін 11522-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11532 жолы;

әрбір баған үшін 11523-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11533 жолы;

әрбір баған үшін 11524-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11534 жолы;

әрбір баған үшін 11620-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11630 жолы;

әрбір баған үшін 11621-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11631 жолы;

әрбір баған үшін 11622-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11632 жолы;

әрбір баған үшін 11623-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11633 жолы;

әрбір баған үшін 11624-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11634 жолы;

әрбір баған үшін 12520-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12530 жолы;

әрбір баған үшін 12521-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12531 жолы;

әрбір баған үшін 12522-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12532 жолы;

әрбір баған үшін 12523-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12533 жолы;

әрбір баған үшін 12524-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12534 жолы;

әрбір баған үшін 12620-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12630 жолы;

әрбір баған үшін 12621-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12631 жолы;

әрбір баған үшін 12622-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12632 жолы;

әрбір баған үшін 12623-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12633 жолы;

әрбір баған үшін 12624-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12634 жолы;

әрбір баған үшін 12400-жол = 12440 жол + 12450 жол;

әрбір баған үшін 13400-жол = 13440 жол + 13450 жол;

әрбір баған үшін 11520-жол = 11521 жол + 11522 жол + 11523 жол + + 11524 жол;

әрбір баған үшін 11530-жол = 11531 жол + 11532 жол + 11533 жол + + 11534 жол;

әрбір баған үшін 11620-жол = 11621 жол + 11622 жол + 11623 жол + + 11624 жол;

әрбір баған үшін 11630-жол = 11631 жол + 11632 жол + 11633 жол + + 11634 жол;

әрбір баған үшін 12520-жол = 12521 жол + 12522 жол + 12523 жол + + 12524 жол;

әрбір баған үшін 12530-жол = 12531 жол + 12532 жол + 12533 жол + + 12534 жол;

әрбір баған үшін 12620-жол = 12621 жол + 12622 жол + 12623 жол + + 12624 жол;

әрбір баған үшін 12630-жол = 12631 жол + 12632 жол + 12633 жол + + 12634 жол.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 29 маусымдағы
№ 43 Қаулыға
10-қосымша

Ақпаратты алушы органдар
құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется
органами получателями информации
Ведомстволық статистикалық
байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма
ведомственного статистического
наблюдения



Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкіне ұсынылады
Представляется Национальному
Банку Республики Казахстан

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген сыртқы қарыздар және Қазақстан Республикасының кепілдемесімен тартылған қарыздар туралы есеп

Отчет о внешних государственных, гарантированных государством займах и займах, привлеченных под поручительство Республики Казахстан

Индексі 14-ТБ тоқсандық есептік кезең тоқсан жыл
Индекс 14-ПБ квартал отчетный период квартал год
ная

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тапсырады
Представляется Министерством финансов Республики Казахстан в Национальный Банк Республики Казахстан

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі бірінші айдың 30-нан кешіктірмей

Срок представления: не позднее 30 числа первого месяца после отчетного периода

БСН коды

Код БИН

1-бөлім. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы қарыздар туралы мәліметтер

Раздел 1. Сведения о государственных и гарантированных государством внешних займах

Қарыз берушінің атауы Наименование кредитора	Қарыз берушінің елі Страна кредитора	Қарыздың нөмірі Номер займа	Қарыздың мақсаты Цель займа	Қарызды соңғы алушы ұйымның, кәсіпорынның атауы Наименование организации, предприятия - конечного получателя займа	Қарыздың сомасы (қарыз валютасының бірлігі) Сумма займа (тысяч единиц валюты займа)	Қарыздың валютасы Валюта займа
1	2	3	4	5	6	7
А Бөлігі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы қарыздары						
Часть А. Внешние государственные займы Республики Казахстан						
				X		
...				X		
				X		

Б Бөлігі. Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген сыртқы қарыздар						
Часть Б. Внешние займы, гарантированные Правительством Республики Казахстан						
...						

Кестенің жалғасы

Продолжение таблицы

Сыйақы мөлшерлемесі нің түрі Вид ставки вознагражден ия	Сыйақы мөлшерлемесі нің көлемі Размер ставки вознагражден ия	Ілеспе төлемдер Сопутствующ ие платежи	Қарыз игеру кезеңі Период освоения займа	Жеңілдік кезеңі Льготный период	Төлемдердің күндері (қарызды өтеудің соңғы күнін қоса.) Д а т ы платежей (включая последнюю д а т у погашения займа)	Ескертпе (Примечание
8	9	10	11	12	13	14
А Бөлігі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы қарыздары						
Часть А. Внешние государственные займы Республики Казахстан						
Б Бөлігі. Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген сыртқы қарыздар						
Часть Б. Внешние займы, гарантированные Правительством Республики Казахстан						

2-бөлім. Мемлекеттің кепілгерлігімен тартылған қарыздар туралы мәліметтер

Раздел 2. Сведения о займах, привлеченных под поручительство государства

Эмиссия андатпасын ың Ұлттық сәйкестенді ру нөмірі (ҰСН) Национальн ы й идентифика ционный номер (НИН) проспекта эмиссии	Эмитенттің атауы Наименован ие эмитента	Эмитенттің Бизнес-сәйк естендіру нөмірі (БСН) Бизнес-иден тификацион ный номер (БИН) эмитента	Шығарудың мақсаты Ц е л ь выпуска	Эмиссияны ң сомасы Сумма эмиссии	Эмиссияны ң валютасы Валюта эмиссии	Мемлекет кепілгерлігі нің сомасы Сумма поручитель с т в а государства	Ескертпе (Примечание
1	2	3	4	5	6	7	8

3-бөлім. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы қарыздарды игеру және өтеу туралы есебі

Раздел 3. Отчет об освоении и погашении государственных и гарантированных государством внешних займов

			Негізгі қарыз Основной долг				

Қарыз берушінің атауы Наименование кредитора	Қарыздың нөмірі Номер займа	Жол коды Код строки	Есептік кезеңнің басындағы қалдық Остаток на начало периода	Игеру, сыйақыны капиталға айналдыру Освоение, капитализация вознаграждения	оның ішінде, қайтарым в т.ч. возврат	Өтеу Пога-шение
А	Б	В	1	2	2а	3
А Бөлігі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы қарыздары Часть А. Внешние государственные займы Республики Казахстан						
1 Қарыз беруші Кредитор 1	1 Қарызы Заем 1	111				
	оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность					
	2 Қарызы Заем 2	112				
	оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность					
1 Қарыз беруші бойынша жиынтығы Итого по Кредитору 1		11n				
оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе, просроченная задолженность						
2 Қарыз беруші Кредитор 2	1 Қарызы Заем 1	121				
	оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность					
	2 Қарызы Заем 2	122				
	оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность					
	...	...				
2 Қарыз беруші бойынша жиынтығы Итого по Кредитору 2		12n				
оның ішінде, мерзімі өткен берешек						

в том числе просроченная задолженность							
...							
А Бөлігі бойынша жиынтығы		100					
Итого по части А							
оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность							
Б Бөлігі. Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген сыртқы қарыздар							
Часть Б. Внешние займы, гарантированные Правительством Республики Казахстан							
1 Қарыз беруші Кредитор 1	1 Қарызы Заем 1	211			X		
	оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность				X		
	2 Қарызы Заем 2	212			X		
	оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность				X		
	...	...			X		
	1 Қарыз беруші бойынша жиынтығы	21n			X		
Итого по Кредитору 1							
оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность					X		
2 Қарыз беруші Кредитор 2	1 Қарызы Заем 1	221			X		
	оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность				X		
	2 Қарызы Заем 2	222			X		
	оның ішінде, мерзімі өткен берешек в том числе просроченная задолженность				X		
	...	...			X		

қ деректерді
таратуға
келісеміз
Согласны на
распростране
ние
первичных
статистически
х данных



Алғашқы статистикалық деректерді таратуға
келіспейміз
Не согласны на распространение первичных
статистических данных



Электрондық почта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _____

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

Главный бухгалтер или лицо, уполномоченное на
подписание отчета

колы, телефоны (орындаушының)

подпись, телефон (исполнителя)

Қолы

подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

Руководитель или лицо, уполномоченное на подписание
отчета

Қолы

подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Ескертпе:

Примечание:

1. Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес алғашқы статистикалық деректерді ұсыну және алғашқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

2. Сыртқы қарыздарды тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі статистикалық нысанды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынады.

В случае привлечения внешних займов Национальный Банк Республики Казахстан представляет статистическую форму в Министерство финансов Республики Казахстан.

Мемлекеттік, мемлекет кепілдік
берген сыртқы қарыздар және
Қазақстан Республикасының
кепілдемесімен тартылған
қарыздар туралы
есеп нысанына
Қосымша

"Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген сыртқы қарыздар және Қазақстан Республикасының кепілдемесімен тартылған қарыздар туралы есеп" Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі 14-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген сыртқы қарыздар және Қазақстан Республикасының кепілдемесімен тартылған қарыздар туралы есеп" (индексі 14-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша (бұдан әрі – статистикалық нысан) бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Статистикалық нысан "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы бірінші бөлігінің 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Статистикалық нысанды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тоқсан сайын толтырады және сыртқы мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздар бойынша берешекті есепке алуға, игеруге және өтеуге арналған.

4. Статистикалық нысанда сұратылатын ақпарат Қазақстан Республикасының сыртқы секторының статистикасын жасауға арналған.

5. Статистикалық нысанға басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Статистикалық нысанды толтыру

6. Статистикалық нысан 3 бөлімнен тұрады:

1-бөлім – мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы қарыздар туралы мәлімет;

2-бөлім – мемлекеттің кепілдемесімен тартылған қарыздар туралы мәліметтер ;

3-бөлім – мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы қарызды игеру және өтеу туралы есеп.

1 және 2-бөлімдер бар құралдар бойынша деректемелер өзгерген жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген жаңа сыртқы қарыздар және мемлекетің кепілдемесімен тартылған қарыздар пайда болған жағдайда ұсынылады.

7. 1-бөлім қарыз туралы келісімге (шартқа) сәйкес әрбір қарыз бойынша жеке толтырылады.

Егер қарызды кредиторлардың консорциумы (синдикатталған қарыз) ұсынған жағдайда, 1 және 2-бағандарда қарыз агентінің (агент банктің) атауы мен елі көрсетіледі.

Егер донор (кредитор) халықаралық қаржылық ұйым болып табылса, 2-бағанда "ХҚҰ" көрсетіледі.

4-бағанда қаржыландыру мақсатында сыртқы мемлекеттік және мемлекет кепілдік беретін қарыз тартылған жобаның атауы көрсетіледі.

5-баған А бөлігі үшін толтырылмайды.

8-бағанда сыйақы мөлшерлемесінің түрі көрсетіледі – белгіленген немесе өзгермелі.

9-бағанда, егер белгіленген мөлшерлеме болса, мөлшерлеме мәні көрсетіледі (мысалы, 7,5%), егер өзгермелі болса – оның есептеу базасы және маржасы көрсетіледі (мысалы, ЛИБОР 6 ай USD + 1,5%).

10-бағанда қарыз туралы келісімде (шартта) көзделген комиссия (қарызды резервтеу үшін, біржолғы комиссиялық алым және т.б.), сыйлықақы, айыппұл, өсімпұл және қарыздың пайызын немесе төлем сомасы мен мерзімін көрсете отырып т.б. көрсетіледі.

12-бағанда бар болған кезде негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша жеңілдік кезең көрсетіледі.

13-бағанда қарыз туралы келісімде (шартта) жазылған негізгі борышты өтеу және сыйақы төлеу күні (мысалы, жыл сайын 15 (он бесінші) шілде және 15 (он бесінші) қаңтар), сондай-ақ – қарызды өтеудің соңғы күні көрсетіледі.

14-бағанда бар болған кезде қарыздың сыйақысын капиталдандыру мүмкіндіктері мен талаптары және өзге ерекше талаптары, оның ішінде қарыз қаражатын жою туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. 2-бөлім инфрақұрылымдық облигациялар эмиссиясының әрбір аңдатпасы бойынша жеке толтырылады.

9. 3-бөлім әрбір сыртқы қарыз бойынша донор (кредитор) бойынша толтырылады. Есептегі барлық сома мың Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларында, бүтін санмен көрсетіледі. Теңгедегі және басқа шетел валюталарындағы сомалар АҚШ долларына аударылады. Айырбастау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында қолданылатын валютаның нарықтың айырбастау

бағамы қолданылады. Операцияларды айырбастау үшін операцияларды жүргізу күнгі тиісті бағам қолданылады. Есепті кезеңнің соңында қорларды (қалдықтарды) айырбастау үшін есепті кезең соңындағы тиісті бағам қолданылады.

2А-бағанында есепті кезеңде кредиторға қайтарылған бұрын игерілген каражат көлемі көрсетіледі.

Егер төлемдер ағымдағы кезеңде есептелсе, алайда төленбесе (немесе ішінара төленсе), негізгі борышты төлеу бойынша туындайтын міндеттеме "оның ішінде, мерзімі өткен берешек" деген жолда көрсетіледі.

4-бағанда валюталардың бағамдарының өзгеруі салдарынан қарыз құнының есепті кезеңдегі өзгеруі көрсетіледі.

5-бағанда қарыз құнының есепті кезеңде біржақты тәртіппен болған өзгеруі көрсетіледі (кредитордың берешекті есептен шығаруы, серіктестің резиденттігінің өзгеруі және тағы басқа), сондай-ақ есепті толтыру кезінде бұрын жіберілген қателерді түзету.

4 және 5-бағандар есепті кезеңде оң мәнде, сондай-ақ теріс мәнде жасалуы мүмкін.

Сыйақы, комиссиялық және басқа да тиісті төлемдер бойынша мерзімі өткен міндеттемелерді төлеген жағдайда, тиісінше 7, 8 және/немесе 9-бағандардағы "оның ішінде, мерзімі өткен берешек" деген жолдар толтырылады.

Егер донор (кредитор) бойынша біреуден артық қарыз бойынша ақпарат толтырылса, онда статистикалық нысанның барлық сандық бағандары бойынша "Донор бойынша жиынтығы" және "оның ішінде, мерзімі өткен берешек" деген жолдар саналады және толтырылады.

"Ескертпе" 9-бағаны қосымша мәліметтерді (операция сомаларын, түрін нақтылау және тағы басқа) көрсету қажет болған жағдайда толтырылады.

А және Б бөліктері бойынша "Бөлім бойынша жиынтығы" және "оның ішінде, мерзімі өткен берешек" деген жолдар саналады және толтырылады.

10. Есеп қағаз тасымалдағышта не мемлекеттік органдар арасындағы "Documentolog" электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Статистикалық нысанға түзетулер (өзгертулер, толықтырулар) есепті кезең аяқталғаннан кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

3-тарау. Арифметикалық-логикалық бақылау

11. Арифметикалық-логикалық бақылау:

3-бөлім. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы қарыздарды игеру және өтеу туралы есеп:

әрбір жол үшін 1-баған = алдыңғы кезеңнің 6-бағаны.

Ведомстволық статистикалық байқаудың
статистикалық нысаны

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Представляется Национальному Банку
Республики Казахстан

Индексі 15-ТБ
Индекс 15-ПБ

токсандық есепті кезең
квартал отчетный период
ыная

☐ тоқсан
квартал

☐ жыл
год

Срок представления – не позднее 20 числа первого месяца после отчетного периода

[illegible]

1. Ценные бумаги (далее – ЦБ), эмитированные в Республике Казахстан

№		Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі –ХСН)	Шот иесі типінің коды Код типа владельца счета		Есептік кезеңнің басында На начало отчетного периода	
					саны, дана	

п/п	Операцияның коды Код операции	Международн ы й идентификац ионный номер (далее – ISIN)	Елдің коды Код страны	Экономика секторының коды Код сектора экономики	количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ
1	2	3	4	5	6	7

Кестенің жалғасы

Продолжение таблицы

Қаржылық операциялар Финансовые операции							
бастапқы нарықта сатып алу покупка на первичном рынке		эмитенттің өтеуі (сатып алуы) погашение (выкуп) эмитентом		қосалқы нарықта сатып алу покупка на вторичном рынке		қосалқы нарықта сату продажа на вторичном рынке	
саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ
8	9	10	11	12	13	14	15

Басқа операциялар Прочие операции				Құны бойынша өзгерістер Стоимостны е изменения	Есептік кезеңнің аяғында На конец отчетного периода		Инвестициялық кіріс Инвестиционный доход		Алынған комиссия лық алымдар Комиссионные полученные
БҚ есептеу бойынша по зачислению ЦБ		БҚ есептен шығару бойынша по списанию ЦБ			саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	Есеп беру кезеңінде есептелгені	Есеп беру кезеңінде алынғаны	
саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ				Начислено в отчетном периоде	Получено в отчетном периоде	
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25

1.1 Теңгемен номинирленген бағалы қағаздар

1.1 Ценные бумаги, номинированные в тенге

1.1.1 Резиденттер эмиссиялаған және бейрезиденттерге тиесілі бағалы қағаздар, мың теңгемен

1.1.1 Ценные бумаги, эмитированные резидентами и принадлежащие нерезидентам, в тысячах тенге

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	1111													
	1111													

16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
----	----	----	----	----	----	----	----	----	----

1.1.2 Бейрезиденттер эмиссиялаған және резиденттерге тиесілі бағалы қағаздар, мың теңгемен

1.1.2 Ценные бумаги, эмитированные нерезидентами и принадлежащие резидентам, в тысячах тенге

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	1210													
	1210													

16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
									x
									x

1.2 Шетел валютасымен номинирленген бағалы қағаздар

1.2 Ценные бумаги, номинированные в иностранной валюте

1.2.1 Резиденттер эмиссиялаған және бейрезиденттерге тиесілі бағалы қағаздар, мың Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларымен

1.2.1 Ценные бумаги, эмитированные резидентами и принадлежащие нерезидентам, в тысячах долларов Соединенных Штатов Америки (далее – США)

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	1121													
	1121													

16	17	18	19	20	21	22	23	24	25

1.2.2 Бейрезиденттер эмиссиялаған және резиденттерге тиесілі бағалы қағаздар, мың АҚШ долларымен

1.2.2 Ценные бумаги, эмитированные нерезидентами и принадлежащие резидентам, в тысячах долларов США

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	1220													
	1220													

16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
									x
									x

2. Басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және солардың аумағында шығарылған бағалы қағаздар

2. Ценные бумаги, выпущенные в соответствии с законодательством других государств и на их территории

			Шот иесі типінің коды	Есептік кезеңнің басында
			Код типа владельца счета	На начало отчетного периода

№ п/п	Операцияның коды Код операции	ХСН ISIN	Елдің коды Код страны	Экономика секторының коды Код сектора экономики	саны, дана количество, штук	БҚқұны стоимость ЦБ
1	2	3	4	5	6	7

Кестенің жалғасы

Продолжение таблицы

Қаржылық операциялар Финансовые операции							
Бастапқы нарықта сатып алу покупка на первичном рынке		эмитенттің өтеуі (сатып алуы) погашение (выкуп) эмитентом		қосалқы нарықта сатып алу покупка на вторичном рынке		қосалқы нарықта сату продажа на вторичном рынке	
саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ
8	9	10	11	12	13	14	15

Басқа операциялар Прочие операции				Құны бойынша өзгерістер Стоимостны е изменения	Есептік кезеңнің аяғында На конец отчетного периода		Инвестициялық кіріс Инвестиционный доход		Алынған комиссия лы қ алымдар Комиссионные полученные
БҚ есептеу бойынша по зачислению ЦБ		БҚ есептен шығару бойынша по списанию ЦБ			саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	Есеп беру кезеңінде есептелгені Начислено в отчетном периоде	Есеп беру кезеңінде алынғаны Получено в отчетном периоде	
саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ	саны, дана количество, штук	БҚ құны стоимость ЦБ						
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25

2.1 Резиденттер эмиссиялаған және бейрезиденттерге тиесілі бағалы қағаздар, мың АҚШ долларымен

2.1 Ценные бумаги, эмитированные резидентами и принадлежащие нерезидентам, в тысячах долларов США

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	2121													
	2121													

16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
----	----	----	----	----	----	----	----	----	----

2.2 Бейрезиденттер эмиссиялаған және резиденттерге тиесілі бағалы қағаздар, мың АҚШ долларымен

2.2 Ценные бумаги, эмитированные нерезидентами и принадлежащие резидентам, в тысячах долларов США

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	2220													
	2220													

16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
									x
									x

2.3 Резиденттер эмиссиялаған және резиденттерге тиесілі бағалы қағаздар, мың АҚШ долларымен

2.3 Ценные бумаги, эмитированные резидентами и принадлежащие резидентам, в тысячах долларов США

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	2120													
	2120													

16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
									x
									x

Атауы

Наименование _____

Телефоны (респонденттің)

Телефон (респондента) _____

Стационары
стационарный

Алғашқы
статистикалы
қ деректерді
таратуға
келісеміз
Согласны на
распростране
н и е
первичных
статистически
х данных

☐

Мекенжайы

(респонденттің)

Адрес (респондента) _____

Ұялы
мобильный

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға
келіспейміз
Не согласны на распространение первичных
статистических данных

☐

Электрондық почта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _____

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

Главный бухгалтер или лицо, уполномоченное на
подписание отчета

қолы, телефоны (орындаушының)

подпись, телефон (исполнителя)

Қолы

подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

Руководитель или лицо, уполномоченное на подписание
отчета

Қолы

подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес алғашқы статистикалық деректерді ұсыну және алғашқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Бейрезиденттермен бағалы
қағаздар бойынша халықаралық
операциялар туралы
есеп нысанына
Қосымша

"Бейрезиденттермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы есеп" Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі 15-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бейрезиденттермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы есеп" (индексі 15-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша (бұдан әрі – статистикалық нысан) бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Статистикалық нысан "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы бірінші бөлігінің 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Статистикалық нысанды банктер, Қазақстан Республикасындағы бейрезидент банктердің филиалдары, брокерлер және (немесе) дилерлер, инвестициялық портфельді басқаратын ұйымдар, бағалы қағаздардың номиналды ұстаушылары мен тіркеушілері, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры – меншікті активтері бойынша және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері бойынша, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры тоқсан сайын ұсынады.

4. Статистикалық нысанда сұратылатын ақпарат Қазақстан Республикасының сыртқы секторының статистикасын жасауға арналған.

5. Статистикалық нысанға басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Статистикалық нысанды толтыру

6. Статистикалық нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалар қолданылады:

1) резиденттер:

азаматтығына қарамастан Қазақстан Республикасында бір жылдан аса тұратын жеке тұлғалар және Қазақстаннан тыс аумақта бір жылдан аз уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, білім алу және емделу мақсатында шет елде жүрген азаматтары басқа елдердің аумағында болу мерзіміне қарамастан резидент болып табылады;

халықаралық ұйымдарды, шетелдік елшіліктерді, консулдықтарды және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан Қазақстанның елшіліктері, консулдықтары және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктері;

осы тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

2) бейрезиденттер:

азаматтығына қарамастан шет елде бір жылдан аса тұратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан аз уақыт тұратын шетел азаматтары. Шет мемлекеттердің мемлекеттік қызмет, білім алу және

емделу мақсатында жүрген азаматтары республика аумағында болу мерзіміне карамастан бейрезидент болып табылады;

Қазақстан Республикасының елшіліктерін, консулдықтарын және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктерін қоспағанда, басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан халықаралық ұйымдар, шетелдік елшіліктер, консулдықтар және басқа да шетелдік дипломатиялық және ресми өкілдіктер;

1) тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері.

7. Респонденттер статистикалық нысанды өз операциялары бойынша және респондент клиенттерінің мынадай операциялары бойынша ұсынады:

1) резиденттер шығарған және респонденттің бейрезидент клиентіне тиесілі бағалы қағаздармен (1.1.1, 1.2.1, 2.1-бөліктер);

2) бейрезиденттер шығарған және респондентке немесе респонденттің резидент клиентіне тиесілі бағалы қағаздармен (1.1.2, 1.2.2, 2.2-бөліктер);

3) шет елдегі резиденттер шығарған және респондентке немесе респонденттің резидент клиентіне тиесілі бағалы қағаздармен (2.3-бөлік).

8. Респондентке тиесілі бағалы қағаздар және оның клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздар бойынша жеке статистикалық нысанды ұсынуға болады. Бағалы қағаздар нарығында қызметтің бірнеше түрін жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің әрбір түрі бойынша жеке статистикалық нысанды ұсынуына болады. Көрсетілген жағдайларда түсіндірмеде ұсынылған статистикалық нысанның ерекше нұсқамасы көрсетіледі.

9. Статистикалық нысанда Қазақстан Республикасында шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда бейрезиденттермен (өз атынан және клиенттердің атынан) есепті кезеңде Қазақстан Республикасында да, шет елде де шығарылған барлық бағалы қағаздармен жүргізілген операциялар бойынша алғашқы статистикалық деректер көрсетіледі. Сонымен бірге есепті кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша бағалы қағаздардың саны, құны, бағалы қағаздарды иеленуден түскен инвестициялық кіріс және қызмет көрсеткені үшін комиссиялық алымдар бойынша, оның ішінде есепті кезеңде операциялар болмаған жағдайдағы мәліметтер ұсынылады.

Мәліметтер бағалы қағаздың әрбір түрі және әрбір иесі бойынша жеке ұсынылады.

Бағалы қағаздарды қайта сатып алу операциялары статистикалық нысанда көрсетілмейді. Қайта сатып алу келісімдерінде қатысатын бағалы қағаздар

бойынша есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы сомалары бағалы қағаздың бастапқы иесі бойынша көрсетіледі.

10. 1-бағанда жазбаның реттік нөмірі көрсетіледі. Белгілі бір бөлімнің әрбір бөлігі үшін жазбаның нөмірленуі жеке жазылады.

11. 2-бағанда әрбір жол бойынша нысанның мынадай бөліктеріне сәйкес әрдайым операция коды қойылады:

1.1.1 – 1111-код;

1.1.2 – 1210-код;

1.2.1 – 1121-код;

1.2.2 – 1220-код;

2.1 – 2121-код;

2.2 – 2220-код;

2.3 – 2120-код.

12. 3-бағанда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

13. 4 және 5-бағандарда әрбір шот иесіне берілетін шот иесі типінің коды көрсетіледі:

1) 4-бағанда – "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес шот иесі елінің үш мәнді цифрлық коды;

2) 5-бағанда – шот иесі секторының коды:

"1" орталық үкімет;

"2" аймақтық және жергілікті басқару органдары;

"3" орталық (ұлттық) банктер;

"4" басқа да депозиттік ұйымдар;

"5" басқа да қаржы ұйымдары;

"6" мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар;

"7" мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар;

"8" үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;

"9" үй шаруашылықтары.

14. Қаржы операциялары 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-бағандары бойынша бағалы қағаздарға деген экономикалық меншік құқығын ауысуын көздейтін резидент және бейрезидент арасындағы операциялардан тұрады және мәміледе көрсетілген құны бойынша көрсетіледі (ол болмаған жағдайда-келісім жасалған күні нарықта көрсетілген баға бойынша): бағалы қағаздарды бастапқы және қайталама нарықтағы сатып алу (сату), бағалы қағаздарды сыйға алу (тарту), бағалы қағаздарды мұрагерлікке беру.

15. Басқа операциялар 16, 17, 18 және 19-бағандары бойынша мыналардан тұрады:

1) нәтижесі бағалы қағаздарға деген меншік құқығын беруге әкеп соқпайтын резидент пен бейрезидент арасындағы операциялар (бағалы қағаздарды номиналды ұстауға беру, клиенттердің бір номиналды ұстаушыдан немесе тіркеушіден басқа номиналды ұстаушыға немесе тіркеушіге өтуі);

2) қаржы операцияларына жатқызылмаған резидент және бейрезидент арасындағы меншік құқығын берумен байланысты операциялар: бағалы қағаздарды соттың шешімі бойынша иеліктен шығаруды қоспағанда;

3) бейрезиденттер арасындағы меншік құқығын берумен байланысты операциялар (қайталама нарықтағы сатып алу, қайталама нарықтағы сату);

4) резиденттер арасындағы меншік құқығын берумен байланысты операциялар (қайталама нарықтағы сатып алу, қайталама нарықтағы сату).

16. Құн өзгерістері 20-баған бойынша валюта бағамының ауытқуы нәтижесіндегі өзгерістерден (Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларынан басқа номинирленген шетел валютасындағы бағалы қағаздар жағдайындағы бағамдық айырма), сондай-ақ бағалы қағаздың нарықтық құнынан тұрады.

17. 23-бағанда тек борыштық бағалы қағаздар бойынша мәліметтер көрсетіледі:

1) респонденттің және оның клиентінің бағалы қағазды есепті кезеңде иеленген күндері үшін есептелген жарияланған сыйақы;

2) респонденттің немесе оның клиентінің есепті кезеңде бағалы қағазға иелік еткен күндері үшін сыйлықақы немесе дисконт амортизациясы.

18. 24-бағанда есепті кезеңде алынған кіріс бойынша мәліметтер көрсетіледі:

1) респонденттің немесе оның клиентінің есепті кезеңде алған дивиденттері;

2) респонденттің немесе оның клиентінің есепті кезеңде эмитенттің борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны өтеуі кезінде алған сыйақысы.

Осы тармақта көрсетілген кіріс олардан ұсталатын кез келген комиссиялық алымдар немесе салықтарды құрайтын сомада көрсетіледі.

19. 25-бағанда бейрезидент клиенттің респондентке брокерлік, консультациялық, ақпараттық, тіркеу және басқа да қызметтері үшін төлеген комиссиялық кіріс бойынша мәліметтер көрсетіледі.

20. Бағалы қағаздардың қайталама нарықта сатып алынуы және сатылуы ағымдағы нарықтық құны немесе сатып алушы-клиент немесе сатушы көрсеткен тиісті құны, бағасы бойынша 13 және 15-бағандарда көрсетіледі.

21. Бағалы қағаздар бойынша есепті кезеңнің басындағы позициялар олардың алдыңғы кезеңнің аяғындағы 6 және 7-бағандардың позицияларына тең.

22-бағандағы есепті кезеңнің аяғындағы бағалы қағаздар бойынша позиция есепті кезеңнің аяғында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жарияланған нарықтық бағаны негізге ала отырып айқындалады.

Ұйымдастырылмаған нарықта мәмілелер жасалатын бағалы қағаздармен болған жағдайларда есепті кезеңнің аяғындағы бағалы қағаздар бойынша позицияны бағалау үшін артықшылық беру тәртібімен мынадай бағалар 22-бағанда қолданылады:

бағалы қағаздың соңғы мәміле бойынша бағасы;

бағалы қағазды сатып алумен байланысты шығысын алып тастағандағы сатып алу құны бойынша бағасы (брокерлік сыйақы, банк қызметі үшін сыйақы);

бағалы қағаздың номиналды құны.

22. 1-бөлімнің 1.1 бөлігі Қазақстан Республикасында шығарылған және теңгемен номинирленген бағалы қағаздармен операциялар бойынша сомалар мың теңгемен көрсетіледі. 1-бөлімнің 1.2 бөлігі Қазақстан Республикасында шығарылған және шетел валютасымен номинирленген бағалы қағаздармен операциялар бойынша сомалар мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

23. 2-бөлімде басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумағында шығарылған және шетел валюталарында номинирленген бағалы қағаздармен операциялар бойынша сомалар мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

24. Басқа шетел валюталарымен берілген қаржы операциялары және басқа көрсеткіштер төмендегідей белгіленген кросс-бағам бойынша АҚШ долларына ауыстырылады:

1) кезеңнің басындағы құны алдыңғы кезеңнің аяғындағы кросс-бағам бойынша ауыстырылады;

2) кезеңнің аяғындағы құны – есепті кезеңнің аяғындағы кросс-бағам бойынша;

3) қаржы және басқа операциялар, инвестициялық кіріс және комиссиялық алым – операция жүргізілген күнгі кросс-бағам бойынша не есепті кезеңдегі орташа алынған кросс-бағам бойынша.

Айырбастау үшін қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданылады.

25. Статистикалық нысан электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдері сақтала отырып, "ҚР ҰБ Веб-порталы" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі арқылы немесе криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып, "Ақпаратты тасымалдаудың қаржылық автоматтандырылған жүйесі" көлік жүйесі арқылы электрондық тәсілмен ұсынылады.

Статистикалық нысанға түзетулер (түзетулер, толықтырулар) есепті кезең аяқталғаннан кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

Мәліметтер болмаған жағдайда статистикалық нысан ұсынылмайды.

3-тарау. Арифметикалық-логикалық бақылау

26. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) есепті кезеңнің басындағы позициялар бойынша:

алдыңғы кезең үшін 6-баған = статистикалық нысанның 21-бағаны;

алдыңғы кезең үшін 7-баған = статистикалық нысанның 22-бағаны;

2) әрбір жол үшін бағалы қағаздардың құны бойынша:

7-баған = 6-баған * бағалы қағаздың бағасы;

9-баған = 8-баған * бағалы қағаздың бағасы;

11-баған = 10-баған * бағалы қағаздың бағасы;

13-баған = 12-баған * бағалы қағаздың бағасы;

15-баған = 14-баған * бағалы қағаздың бағасы;

17-баған = 16-баған * бағалы қағаздың бағасы;

19-баған = 18-баған * бағалы қағаздың бағасы;

22-баған = 21-баған * бағалы қағаздың бағасы;

3) статистикалық нысанның әрбір жолы үшін бағалы қағаздар саны бойынша:

21-баған = 6-баған + 8-баған – 10-баған + 12-баған – 14-баған + 16-баған – 18-баған;

4) құн өзгерістерін дұрыс көрсету үшін статистикалық нысан алдымен номинация валютасында толтырылады, содан кейін ғана АҚШ долларына тиісті бағамдар бойынша ағындар мен қорларға ауыстырылады. Құн өзгерістерінен басқа барлық бағандарды есепке алу валютасында толтырғаннан кейін 20-баған қалдық әдісімен айқындалады:

әрбір жолдар үшін 20-баған = 22-баған – 7-баған – 9-баған + 11-баған – 13-баған + 15-баған – 17-баған + 19-баған.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 29 маусымдағы
№ 43 Қаулыға
12-қосымша

Ақпаратты алушы органдар құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами
получателями информации



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Ведомственный статистический учет
Статистическая форма ведомственного статистического
наблюдения

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне тапсырылады
Представляется Национальному Банку Республики
Казахстан

Бейрезиденттерге берілген кредиттер туралы есеп

Отчет о кредитах, выданных нерезидентам

ЖЫЛ
ГОД

Код БИН

[illegible]

Основной долг (тысячах тенге)

Есепті кезеңнің басындағы қалдық	Есепті кезеңдегі өзгерістер Изменения за отчетный период				Есепті кезеңнің соңындағы қалдық Остаток на конец отчетного периода	
	Ұлғаю (беру, сыйақыны капиталдандыру, қайта ұйымдастыру)					Баланстық шоттың нөмірі

Остаток на начало отчетного периода	Увеличение (выдача, капитализация вознаграждения, реорганизация)	Азаю (өтеу, қайта ұйымдастыру) Уменьшение (погашение, реорганизация)	Бағамдық өзгерістер Курсовые изменения	Басқа өзгерістер Прочие изменения	Сомасы Сумма	Номер балансового счета
1	2	3	4	5	6	7

Кестенің жалғасы

Продолжение таблицы

Сыйақы (мың теңгемен) Вознаграждение (тысячах тенге)							Ескертпе Примечание
Есепті кезеңнің басындағы қалдық Остаток на начало отчетного периода	Есепті кезеңдегі өзгерістер Изменения за отчетный период				Есепті кезеңнің соңына қалдық Остаток на конец отчетного периода		
	Есептелгені Начислено	Төленгені (капиталдан дыруды қос а алғанда) Оплачено (включая капитализац ию)	Бағамдық өзгерістер Курсовые изменения	Басқа өзгерістер Прочие изменения	Сомасы Сумма	Баланстық шоттың нөмірі Номер балансового счета	
8	9	10	11	12	13	14	15

Атауы _____ Мекенжайы _____
Наименование _____ (респонденттің)
_____ Адрес (респондента) _____
_____ _____
Телефоны (респонденттің) _____
Телефон (респондента) _____
_____ _____
Стационары _____ Ұялы _____
стационарный _____ мобильный

Алғашқы
статистикалы
қ деректерді
таратуға
келісеміз
Согласны на
распростране
ние



Алғашқы статистикалық деректерді таратуға
келіспейміз
Не согласны на распространение первичных
статистических данных

первичных
статистически
х данных



Электрондық почта мекенжайы (респонденттің)
Адрес электронной почты (респондента) _____

Орындаушы
Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)
фамилия, имя и отчество (при его наличии)
Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам
Главный бухгалтер или лицо, уполномоченное на
подписание отчета

колы, телефоны (орындаушының)
подпись, телефон (исполнителя)

Қолы
подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)
фамилия, имя и отчество (при его наличии)
Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам
Руководитель или лицо, уполномоченное на подписание
отчета

Қолы
подпись

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)
фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес алғашқы статистикалық деректерді ұсыну және алғашқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Бейрезиденттерге берілген
кредиттер туралы
есеп нысанына
Қосымша

"Бейрезиденттерге берілген кредиттер туралы есеп" Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (индексі 17-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бейрезиденттерге берілген кредиттер туралы есеп" (индексі 17-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру бойынша (бұдан әрі – статистикалық нысан) бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Статистикалық нысан "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы бірінші бөлігінің 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Статистикалық нысанды "БТА БАНК" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "БТА БАНК" АҚ) жалпы банк жүйесі бойынша (ол бар болса) шетел валютасымен де, теңгемен де номинирленген бейрезиденттерге берілген кредиттер бойынша тоқсан сайын толтырады.

4. Статистикалық нысанда сұратылатын ақпарат Қазақстан Республикасының сыртқы секторының статистикасын жасауға арналған.

5. Статистикалық нысанға басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Статистикалық нысанды толтыру

6. Статистикалық нысанды толтыру мақсатында "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндегі ұғымдар пайдаланылады.

7. "БТА БАНКІ" АҚ статистикалық нысанда мерзімі өткен берешек шотына шығарылған кредиттерді қоса алғанда бейрезидентке берген және есепті кезеңнің басына және (немесе) соңына өтелмеген әрбір кредит бойынша ақпаратты көрсетеді. Нысанда "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептік нөмірлер тағайындалған немесе тіркеу куәліктері рәсімделген кредиттер бойынша ақпарат көрсетілмейді.

А-Л бағандарында бейрезидент қарыз алушы және оған кредит беру шарттары туралы ақпарат көрсетіледі.

1-15-бағандарда есепті кезеңдегі кредиттерді игеру, өтеу және қызмет ету туралы ақпарат көрсетіледі.

1-6, 8-13-бағандардағы барлық сомалар мың теңгемен, бүтін санмен көрсетіледі.

8. 1-бағанда есепті кезеңнің басына мерзімі өткен борышты қоса алғанда өтелмеген негізгі борыш көрсетіледі.

2-бағанда есепті кезеңдегі кредит беру, сыйақыны капиталдандыру, борышты қайта ұйымдастыру есебінен негізгі борыштың ұлғаюы көрсетіледі.

3-бағанда есепті кезеңдегі негізгі борыштың, оның ішінде мерзімі өткен борыштың борышты өтеу және қайта ұйымдастыру есебінен азаюы көрсетіледі.

4-бағанда негізгі борыш құнының (көлемінің) валюталар бағамының өзгеруі нәтижесіндегі, 5-бағанда басқа да өзгерістер нәтижесіндегі өзгеруі көрсетіледі.

6-бағанда есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешекті қоса алғанда өтелмеген негізгі борыш көрсетіледі.

8-бағанда есепті кезеңнің басына сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті қоса алғанда сыйақы бойынша берешек көрсетіледі.

9-бағанда есепті кезеңдегі банктің сыйақыны есептеуі көрсетіледі.

10-бағанда сыйақы бойынша төленген төлемдер және капиталдандырылған сыйақылар көрсетіледі.

11-бағанда сыйақы құнының (көлемінің) валюталар бағамының өзгеруі нәтижесіндегі, 12-бағанда басқа да өзгерістер нәтижесіндегі өзгеруі көрсетіледі.

13-бағанда есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешекті қоса алғанда сыйақы бойынша берешек көрсетіледі.

15-бағанда борышты қайта ұйымдастырудың шарттары, сондай-ақ негізгі борыш, сыйақы құнының (көлемінің) басқа да өзгеруі туралы, 5 және (немесе) 12 бағандарда көрсетілгендерді қоса алғандағы ақпарат анықталады.

9. Мерзімінен бұрын өтеу, кешіру, кредиттеудің негізгі шарттарының өзгеруі (оның ішінде валютаның, сыйақы мөлшерлемесінің), борышты капиталға (қарыз алушының және (немесе) үшінші тұлғалардың) қатысу құралдарына, жылжымайтын мүлік және қарыз алушының басқа активіне, қарыз алушының борыштық бағалы қағаздарына, тауар жеткізілімі және қарыз алушының басқа да борыштық міндеттемелеріне айырбастау, жаңа кредитор бейрезидент (жаңа қарыз алушы резидент) болып табылатын жағдайларда талапты қайта табыстау (борышты аудару) борышты қайта ұйымдастырудың негізгі түрлері болып табылады.

10. Негізгі борыш, сыйақы құнының (көлемінің) басқа өзгерістеріне қарыз алушының резиденттік тиесілігінің өзгеруі, біржақты түрде берешекті "баланстан тыс" шығаруы есебінен, қарыз алушыға қойылған талабын Қазақстан Республикасының басқа резидентіне қайта табыстауы есебінен, қарыз алушының өз борышын Қазақстан Республикасының басқа бейрезидентіне аударуы есебінен, талапты қайта табыстау (борышты аудару) келісімдері бойынша сыйақыны қабылдау есебінен болған өзгерістер жатады.

11. 15-бағандағы нақтылаушы ақпараттың жоқтығы бұзушылық болып табылмайды.

12. Статистикалық нысан электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімі сақтала отырып, "ҚР ҰБ Веб-порталы" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі арқылы электрондық тәсілмен ұсынылады.

Статистикалық нысанға түзетулер (өзгертулер, толықтырулар) есепті кезең аяқталғаннан кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

3-тарау. Арифметикалық-логикалық бақылау

13. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1-баған = алдыңғы тоқсандағы статистикалық нысанның 6-бағаны;

6-баған = 1-баған + 2-баған – 3-баған + 4-баған + 5-баған;

8-баған = алдыңғы тоқсандағы статистикалық нысанның 13-бағаны;

13-баған = 8-баған + 9-баған – 10-баған + 11-баған + 12-баған.

Қазақстан Ұлттық

Банкінің Төрағасы

2023 жылғы 29 маусымдағы

№ 43 Қаулыға

13-қосымша

Ақпаратты алушы органдар

күпиялылығына кепілдік береді

Конфиденциальность гарантируется

органами получателями информации

Ведомстволық статистикалық

байқаудың статистикалық нысаны

Статистическая форма ведомственного

статистического наблюдения

Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің аумақтық филиалына

респонденттің орналасқан жері

бойынша ұсынылады

Представляется территориальному

филиалу Национального Банка

Республики Казахстан по месту

нахождения респондента



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Кәсіпорындарды төлем балансы бойынша тексеру сауалнамасы

Анкета обследования предприятий по платежному балансу

Индексі	ТБЗ-1	Қазақстан Республикасы	есепті кезең	<table border="1"><tr><td></td><td></td><td></td><td>жыл</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td>год</td></tr></table>				жыл				год
			жыл									
			год									
Индекс	ОПБ-1	Ұлттық Банкі аумақтық	по запросу									
		филиалының сұратуы	отчетный									
		бойынша	территориального	период								
		по запросу	филиала Национального									
		территориального	Банка Республики									
		филиала Национального	Казахстан									
		Банка Республики										
		Казахстан										

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі аумақтық филиалының сұратуы бойынша заңды тұлғалар ұсынады. Статистикалық нысанды мемлекеттік басқару органдары және банктер ұсынбайды

Представляют юридические лица по запросу территориального филиала Национального Банка Республики Казахстан. Не представляют статистическую форму органы государственного управления и банки

Ұсыну мерзімі – сауалнамада көрсетілген күнге дейін

Срок представления – до даты, указанной в анкете

БСН коды
код БИН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Құрметті респондент! Уважаемый респондент! Толтырылған статистикалық нысанды 20__ жылдың _____ дейін қайтаруды сұраймыз. Пожалуйста, возвратите заполненную статистическую форму до _____ 20__ года.

Осы статистикалық нысан Қазақстанның сыртқы экономикалық шоттарының (төлем балансының және халықаралық инвестициялық позицияның) статистикасын жасау, сондай-ақ осы статистикалық нысанға сәйкес сұралған іріктемелі ақпаратты жаңарту және нақтылау мақсатында статистикалық байқауға енгізілуі тиіс кәсіпорындарды анықтауға арналған. Сыртқы сауда саясаты, шетелдік инвестицияларды қолдау саясаты (несиелерді және сауда кредиттерін қоса алғанда) және теңгенің айырбас бағамы саясаты саласында шешімдер қабылдаудың негізі болып табылатын сыртқы экономикалық шоттарының шынайылығы осы статистикалық нысанды толтыруға байланысты болады.

Тиісті жауаптарға "√" немесе "х" белгісін қоюды және ұсынылған кестелерді толтыруды сұраймыз.

Данная статистическая форма предназначена для определения организаций, которые включаются в статистическое наблюдение в целях составления статистики внешнеэкономических счетов Казахстана (платежного баланса и международной инвестиционной позиции), а также с целью уточнения и обновления выборочной информации, запрашиваемой в соответствии с настоящей статистической формой. От заполнения данной статистической формы зависит достоверность статистики внешнеэкономических счетов, являющейся основой принятия решений в области внешнеторговой политики, политики поддержки иностранных инвестиций (включая ссуды и торговые кредиты) и политики обменного курса тенге.

Просим проставить знак "√" или "х" в соответствующих ответах и заполнить предлагаемые таблицы.

Нысанның келесі бөлімдерін толтыруға/жаңартуға сұраймыз. Пожалуйста, заполните/обновите следующие разделы формы

Бөлімдер	1 ; 2 ; 3 ; 4 ; 5 ; 6
Разделы	

(Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) толтырады) (заполняется Национальным Банком Республики Казахстан (далее – Национальный Банк))

1-бөлім. Сіздің ұйымыңыз туралы жалпы ақпарат
Раздел 1. Общая информация о Вашей организации

1.1 Келесі мәліметтерді көрсетіңіз

1.1 Укажите следующие сведения

Пошталық индексі Почтовый индекс	
Облысы Область	
Қаласы, ауданы (немесе қаланың ауданы) Город, район (или район города)	
Елді мекен (ауыл) Населенный пункт (село)	
Мекенжайы (көшесі, даңғылы) Местонахождение (улица, проспект)	
Үйдің және офистің (пәтердің) номері Номер дома и офиса (квартиры)	
Телефоны Телефон	
Факс	
Электрондық поштаның мекенжайы Почтовый электронный адрес	
Ұйымның ресми сайты (бар болған жағдайда) Официальный сайт организации (при наличии)	

1.2 Есептілікті Ұлттық Банкке ұсыну

1.2 Представление отчетности в Национальный Банк

1.2.1 Сізге ыңғайлы есептілікті ұсыну тәсілдерін көрсетуді сұраймыз (бірнеше жауаптарды таңдауға болады) Укажите, пожалуйста, удобные варианты представления отчетности (можно выбрать несколько ответов)	
Электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) растау рәсімдерін сақтай отырып, Интернет желісі арқылы электрондық түрде В электронном виде посредством сети Интернет с подтверждением электронно-цифровой подписью (далее – ЭЦП)	
Қағаз тасығышта На бумажном носителе	
Басқа (көрсетіңіз) Иное (укажите) 	
	Иә/Да

1.2.2 Сіздің ұйымыңыз Интернет желісіне шығуға мүмкіндігіңіз бар ма? Имеет ли Ваша организация доступ к сети Интернет?	Жок/Нет	
1.2.3 Сіздің ұйымыңыздың ЭЦҚ-ңыз бар ма? Имеет ли Ваша организация ЭЦП?	Иә/Да Жок/Нет	
1.2.4 Сіздің ұйымыңыз үшін қай органның ЭЦҚ-сы арқылы есепті ұсыну ыңғайлы? Представление отчетов посредством ЭЦП какого органа для Вашей организации более удобно?		
Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының (бұдан әрі – ҰКО) ЭЦҚ-сы ЭЦП Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан (далее– НУЦ)		
"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Банкаралық Есеп Айырысу Орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ЭЦҚ-сы ЭЦП Республиканского государственного предприятия "Казахстанский центр межбанковских расчетов Национального Банка Республики Казахстан"		
Басқа (көрсетіңіз) Иное (укажите) _____ _____ _____		

2-бөлім. Сіздің ұйымыңыздың инвесторлары және инвестициялау объектілері, филиалдары, өкілдіктері мен тел ұйымдары туралы ақпарат

Раздел 2. Информация об инвесторах и объектах инвестирования, филиалах, представительствах и сестринских организациях Вашей организации

2.1 Сіздің ұйымыңыздың тура инвесторлары туралы ақпарат

2.1 Информация о непосредственных инвесторах Вашей организации

2.1.1 Сауалнаманы толтыру күнінің жағдайы бойынша Сіздің ұйымыңыздағы үлеске тура ие болып табылатын бар акционер инвесторларды/қатысушыларды атап шығыңыз Перечислите всех инвесторов-акционеров/участников, непосредственно владеющих долей в Вашей организации по состоянию на дату заполнения анкеты						
	Инвестордың атауы/Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған)	Заңды тұлғаның тіркеу елі / жеке тұлғаның азаматтығы	БСН/ЖСН/шет елдердің заңнамасына тіркеусәйкестендіру нөмері (бұдан әрі – ТСН) (ТСН) туралы ақпарат бар болған жағдайда) БИН/ИИН/идентификац	Заңды тұлға орналасқан мекенжай/жеке тұлға тұратын мекенжай	Инвестордың Сіздің ұйымыңыздың жарғы капиталындағы үлесі (%)	Инвестор ие болуға

№	жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) Наименование/Фамилия, имя, отчество (при наличии) (далее – Ф.И.О.) инвестора	Страна регистрации юридического лица / гражданства физического лица	ионный номер регистрации, присваиваемый в соответствии с законодательством иностранного государства (далее – ИНР) (при наличии информации об ИНР)	Адрес местонахождения юридического лица/страна и адрес проживания физического лица	Доля инвестора в уставном капитале Вашей организации (%)	бастайтын күн Дата начала владения инвестором
А	Б	1	2	3	4	5

Қажет болса, кестеге жолдарды қосыңыз

В случае необходимости, добавьте строки в таблицу

2.2 Сіздің ұйымыңыздың тура инвестициялау объектілері туралы ақпарат

2.2 Информация о непосредственных объектах инвестирования Вашей организации

2.2.1 Сіздің ұйымыңыз сауалнаманы толтыру күнінің жағдайы бойынша басқа ұйымдардың акцияларына (қатысу үлестеріне) ие болады ма?					Иә/Да	
Владеет ли Ваша организация акциями (долями участия) других организаций по состоянию на дату заполнения анкеты?					Жок/Нет	
Егер жауабыңыз "Иә" болса, 2.2.2-тармақты толтыруға көшіңіз, жауабыңыз "Жоқ" болса, 2.3-тармағын толтыруға көшіңіз.						
Если ответ "Да", перейдите к заполнению пункта 2.2.2, если ответ "Нет" - к заполнению пункта 2.3.						
2.2.2 Сауалнаманы толтыру күнінің жағдайы бойынша Сіздің ұйымыңыз үлесіне тура ие болып табылатын бар ұйымдар - инвестициялау объектілерін атап шығыңыз						
Перечислите все объекты инвестирования-организации, доля в которых непосредственно принадлежит Вашей организации по состоянию на дату заполнения анкеты						
№	Инвестициялау объектісінің атауы Наименование объекта инвестирования	Инвестициялау объектісінің тіркеу елі Страна регистрации объекта инвестирования	БСН/ ТСН БИН/ ИНР	Инвестициялау объектісі орналасқан мекенжай Адрес местонахождения объекта инвестирования	Сіздің ұйымыңыздың инвестициялау объектісінің жарғы капиталындағы үлесі (%) Доля Вашей организации в капитале объекте инвестирования (%)	Инвестициялау объектісіне ие болуға бастайтын күн Дата начала владения объектом инвестирования
А	Б	1	2	3	4	5

Қажет болса, кестеге жолдарды қосыңыз

В случае необходимости, добавьте строки в таблицу

2.3 Сіздің ұйымыңыздың филиалдар мен өкілдіктер туралы ақпарат

